



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

15.10.2021 № 2-010345-21-70816

15.09.2021г. №ДЗ-259

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

(Қазақстан халқы Ассамблеясынан
және «Nur Otan» партиясының
фракциясынан, тізім бойынша)

Қаржылық пирамидалар бойынша

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура сіздердің азаматтарды қаржылық пирамидалардың қызметінен және заңсыз қаржылық операциялардан қорғау жөніндегі сауалдарыңызды қарады.

Құқық қорғау органдары осындай фактілерді анықтау және жолын кесу бойынша жұмыс жүргізуде.

Кейінгі 5 жылда Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде Қылмыстық кодекстің (бұдан әрі – ҚК) 217-бабы (қаржылық пирамиданы құру және оған басшылық ету) бойынша 618 материал тіркелген (2016ж.-237, 2017ж.-74, 2018ж.-103, 2019ж.-24, 2020ж.-180).

2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда осы санат бойынша тіркелген қылмыстар саны 7 есеге (24-тен 180-ге дейін) өсті, бұл қаржылық пирамидалардың қызметіне жол бермеу бойынша жұмыстың жанданғанын куәландырады.

Ағымдағы жылдың 9 айында қылмыстық қудалау органдарының іс жүргізуінде қаржылық пирамидалар бойынша 380 қылмыстық іс болды, олардың ішінде 214-і бойынша іс жүргізу аяқталды (212-сі - сотқа жолданған, 2-еуі - ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылған), қалғандары іс жүргізуде («L-Capital» АҚ, «QI Trade Kazakhstan» ЖШС және т.б.).

«Finiko», «С. Invest» и «getdiscount.kz» қызметтеріне қатысты.

Алматы қаласының Полиция департаменті «Finiko» қаржы ұйымына қатысты ҚК-нің 190-бабы 4-бөлігінің 2-тармағы (алаяқтық) бойынша қылмыстық істі тергеп-тексеруде.

«Finiko» қаржылық пирамида болып табылатыны (Ресей Федерациясында тіркелген), оның ұйымдастырушылары К.Л. Доронин және басқалары екені анықталды.

Іс аясында жауап алынған Қазақстан азаматтары «Finiko» салымшылары болып табылатындарын және бонустар алу үшін басқа адамдарды тартқандарын түсіндірді.

Осыған байланысты Ресей Федерациясына күдіктілерден істің мән-жайы бойынша жауап алу үшін халықаралық тергеу тапсырмасы жіберілді. Тергеу барысы Бас прокуратураның бақылауына алынды.

«С. Invest» қаржылық пирамидасын құру және оны басқару фактісі бойынша бүгінгі күні қылмыстық іс қозғалған жоқ.

Дегенмен Қаржылық мониторинг агенттігінің (бұдан әрі – ҚМА) қаржылық барлау бөлімшесі «С. Invest» хедж-қорының қызметіне талдау жүргізді және онда қаржылық пирамиданың белгілерін анықтады.

Атап айтқанда, а.ж. 29 маусымда «С. Invest» компаниясы ақпараттық технологиялар қызметтерін көрсету, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, БАҚ-тағы жарнама бойынша «Астана» халықаралық қаржы орталығында (бұдан әрі – АХҚО) тіркелген (осындай қызметтерді жүзеге асыру үшін АХҚО лицензиясын алу талап етілмейді, алайда АХҚО қатысушысының сертификаты беріледі).

Дегенмен ұйымның сайтында криптовалюта саудасымен, инвестицияларды басқарумен, консультациялар бойынша қызметтер көрсетумен байланысты (яғни АХҚО лицензиясын алуды талап ететін) қызметтер ұсынылған.

Сондықтан а.ж. 16 тамызда АХҚО талабы бойынша «С. Invest» компаниясымен «сinvest.kz» сайты жойылды.

Осы факті бойынша материалдар а.ж. 30 қыркүйекте құқықтық бағалау үшін экономикалық тергеу қызметіне жіберілді (тексеру жүргізілуде).

«Getdiscount.kz» сайтында орналастырылған жарияланымдардың заңдылығы зерделенді.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің деректеріне сәйкес, а.ж. 29 қыркүйекте көрсетілген сайттың қызметі бұзушылықтар жойылғанға дейін уақытша тоқтатылды (сервер шетелде орналасқан).

Оларды жоймаған жағдайда Интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде аталған домендік атауды пайдалану тоқтатылады.

Бұдан басқа, ҚМА-ның қаржылық барлау бөлімшесі «getdiscount.kz» сайтының иелері туралы мәліметтер алу үшін Ресей Федерациясының уәкілетті органдарына сұрау салу жіберді.

Олардың қызметінде қаржылық пирамида белгілерінің болуын көрсететін жеткілікті негіздер болған кезде тиісті ақпарат құқық қорғау органдарына жіберілетін болады.

Сонымен қатар Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі (бұдан әрі – АҚДМ) уәкілетті органдармен бірлесіп «Finiko», «С. Invest» және «getdiscount.kz» интернет-ресурстары бойынша 14 бұзушылықты анықтады, олар бойынша әлеуметтік желілер әкімшіліктеріне құқыққа қарсы материалдарды алып тастауды талап етіп, 4 ескерту хатын жолдады (қанағаттандырылды).

Қаржылық пирамидаларға және заңсыз қаржылық операциялардың қызметіне қарсы қабылданып отырған іс-қимыл шаралары туралы.

ҚМА заңсыз қаржылық операциялар фактілерінің ерте жолын кесу үшін 2020 жылғы 12 мамырда Қаржылық пирамидалар бойынша типологияны, олардың күдіктілік өлшемшарттарын және жұмыс істеу схемаларын бекітті.

Негізгі өлшемшарттар ретінде 16 белгі анықталды (салынған қаражаттан негізсіз жоғары табыс, әрбір жаңа қатысушы үшін бонустар төлеу, бастапқы кезеңде мүлік құнының 5%-інен 30%-іне дейін төлей отырып, жеке тұлғалардан жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алу шарттарын жасасу және т.б.).

Типологияға сәйкес қаржылық мониторинг субъектілері өз клиенттерін тексеруге және күдікті операциялар туралы ҚМА-ға хабарлауға міндетті, ҚМА оларды жинауды, өңдеуді жүзеге асырады және олар бойынша талдау жүргізеді.

Қаржылық пирамиданың белгілері және оларға белгілі бір жеке және заңды тұлғалардың қатысы бар екендігі расталған жағдайда, ҚМА ақпаратты құқық қорғау органдарына жібереді және бұл туралы Бас прокуратураға хабарлайды.

Бүгінгі күні ҚМА құқық қорғау органдарына шамамен **4,9 млрд** теңге салынған **21** мың салымшыға **33** бастамашыл материал жіберді, олардың ішінде қаржылық пирамида белгілері бар екендігі туралы **13** ақпарат бойынша (3,6 млрд теңгеге 10,6 мың салымшы) расталды, сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды.

Анықтама ретінде: ЭТҚ-ға 18,5 мың салымшыға 2,7 млрд теңге залал сомасымен 28 материал, ПМ-ге-2,5 мың салымшыға 2,2 млрд теңге залал сомасымен 5 материал жіберілді.

Жыл басынан бастап ПМ-ге қаржылық пирамидалар болуы мүмкін қаржы ұйымдарына қатысты **66** ақпарат келіп түсті, олардың **9-ы** бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды.

Профилактикалық жұмыс.

Интернет желісіндегі заңсыз әрекеттердің жолын кесу мақсатында Бас прокуратураның бастамасымен 2017 жылы «Kazdream Technology» ЖШС «Кибернадзор» ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – АЖ) әзірледі.

Анықтама ретінде: жүйеге прокуратураның (БП және аумақтық прокуратуралардың), Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (аумақтық департаменттердің), Ішкі істер министрлігінің және әкімдіктердің (**105** мемлекеттік орган мен ұйымдардың) **185** қызметкері қосылған.

АЖ функционалы құқыққа қарсы контентті қадағалау мен бұғаттауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ қараулар мен қайталама жарияланымдардың статистикасын жүргізеді.

2020 жылғы шілдеден бастап АЖ-да қаржылық пирамидалар қызметінің белгілері бар мәліметтерді қамтитын материалдарды анықтау мүмкіндігі көзделген.

Бүгінгі күні жүйе қаржылық пирамиданың қызметін заңсыз жарнамалау бойынша **52** сілтемені бұғаттады, АҚДМ **9** интернет-ресурсының атына **39** жарияланымды алып тастауды талап ететін **6** нұсқама шығарылды.

Қаржылық пирамидалар бойынша материалдарды анықтау, жолын кесу және құқық қорғау органдарына беру үшін Бас прокуратураның (07.10.2020 ж.) бастамасы бойынша Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің жанында (Ұлттық Банк, ҚМА, Қаржымині, АҚДМ, ПМ-мен бірлесіп) ведомствоаралық жұмыс тобы (бұдан әрі-ВАЖТ) құрылды.

ВАЖТ шеңберінде мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимыл және қаржылық пирамида белгілері бар ұйымдардың қызметін тоқтата тұру бойынша шаралар қабылдау тетігі әзірленді, интернет-ресурстар бұғатталуда, БАҚ-та түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Бұл **12** қаржылық пирамиданың қызметін бастапқы кезеңде жолын кесуге мүмкіндік берді (олар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды).

Қаржылық пирамидаға және заңсыз қаржылық операцияларға қарсы іс-қимыл бойынша жұмыс тұрақты бақылауда.

Бас прокуратура осы сауалды назарға ала отырып, заңдылықты нығайту және азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту бойынша одан әрі бірлескен жұмысқа дайын екенін білдіреді.

Г. Нүрдәулетов



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

15.10.2021 № 2-010345-21-70816

15.09.2021г. №ДЗ-259

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(от Ассамблеи народа
Казахстана и фракции партии
«Nur Otan», по списку)

По финансовым пирамидам

Уважаемые депутаты!

Генеральной прокуратурой рассмотрен ваш запрос по защите граждан от деятельности финансовых пирамид и незаконных финансовых операций.

Правоохранительными органами проводится работа по выявлению и пресечению таких фактов.

За последние 5 лет в Едином реестре досудебных расследований по ст.217 (создание и руководство финансовой пирамидой) Уголовного кодекса (далее – УК) зарегистрировано 618 материалов (2016г.-237, 2017г.-74, 2018г.-103, 2019г.-24, 2020г.-180).

В 2020 году в сравнении с 2019 годом количество зарегистрированных преступлений по этой категории возросло в 7 раз (с 24 до 180), что свидетельствует об активизации работы по пресечению деятельности финансовых пирамид.

За 9 месяцев т.г. в производстве органов уголовного преследования находилось **380** уголовных дел по финансовым пирамидам, из них окончено производством **214** (в суд направлено - **212**, по нереабилитирующим основаниям прекращено - **2**), остальные в производстве (АО «L-Capital», ТОО «QI Trade Kazakhstan» и др.).

Относительно деятельности «Finiko», «C.Invest» и «getdiscount.kz».

Департаментом полиции г.Алматы в отношении финансовой организации «Finiko» расследуется уголовное дело по п.2 ч.4 ст.190 (мошенничество) УК.

Установлено, что «Finiko» является финансовой пирамидой (зарегистрировано в Российской Федерации), организаторами которой являются Доронин К.Л. и другие.

Допрошенные в рамках дела граждане Казахстана пояснили, что являются вкладчиками «Finiko» и привлекали других лиц для получения бонусов.

В этой связи в Российскую Федерацию направлено международное следственное поручение для допроса подозреваемых лиц по обстоятельствам дела. Ход расследования взят на контроль Генеральной прокуратурой.

По факту создания и руководства финансовой пирамидой «C.Invest» на сегодня уголовное дело не возбуждалось.

Вместе с тем подразделением финансовой разведки Агентства по финансовому мониторингу (далее – АФМ) проведен анализ деятельности хедж-фонда «C.Invest» и установлены признаки финансовой пирамиды.

В частности, 29 июня т.г. компания «С.Invest» зарегистрирована в Международном финансовом центре Астана (далее – МФЦА) по оказанию ИТ-услуг, разработке программного обеспечения, рекламы в СМИ (для осуществления таких видов деятельности не требуется получение лицензии МФЦА, однако выдается сертификат участника МФЦА).

Между тем на сайте организации предлагались услуги, связанные с торговлей криптовалютой, управлением инвестициями, предоставлением услуг по консультациям (т.е. требующие получения лицензии МФЦА).

Поэтому 16 августа т.г. по требованию МФЦА компанией «С.Invest» сайт «сinvest.kz» удален.

Материалы по данному факту 30 сентября т.г. направлены в Службу экономических расследований для правовой оценки (проводится проверка).

Изучена законность публикаций, размещаемых на сайте «**getdiscount.kz**».

По данным Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности 29 сентября т.г. деятельность указанного сайта приостановлена до устранения нарушений (сервер находится за рубежом).

В случае их не устранения, пользование указанным доменным именем в пространстве казахстанского сегмента Интернета будет прекращено.

Кроме того, подразделением финансовой разведки АФМ направлен запрос в уполномоченные органы Российской Федерации для получения сведений о владельцах сайта «getdiscount.kz».

При наличии достаточных оснований, указывающих на наличие в их деятельности признаков финансовой пирамиды, соответствующая информация будет направлена в правоохранительные органы.

Наряду с этим по интернет-ресурсам «Finiko», «С.Invest» и «getdiscount.kz» Министерством информации и общественного развития (далее – МИОР) совместно с уполномоченными органами выявлено 14 нарушений, по которым направлено 4 предупредительных письма в адрес администраций социальных сетей с требованием удалить противоправные материалы (удовлетворены).

О принимаемых мерах противодействия финансовым пирамидам и деятельности незаконных финансовых операций.

Для раннего пресечения фактов незаконных финансовых операций АФМ 12 мая 2020 года утверждена Типология по финансовым пирамидам, их критерии подозрительности и схемы функционирования.

Основными критериями определены 16 признаков (не обосновано высокий доход от вложенных средств, выплата бонусов за каждого нового участника, заключение договоров приобретения движимого и недвижимого имущества у физических лиц, с выплатой на первоначальном этапе от 5% до 30% от стоимости имущества и т.д.).

Согласно Типологии субъекты финансового мониторинга обязаны проверять своих клиентов и сообщать о подозрительных операциях в АФМ, которое осуществляет их сбор, обработку и проводит по ним анализ.

В случае подтверждения признаков финансовой пирамиды и причастности к ним определенных физических и юридических лиц, АФМ направляет информацию в правоохранительные органы и уведомляет об этом Генеральную прокуратуру.

На сегодня АФМ в правоохранительные органы направило **33** инициативных материала на **21 тыс.** вкладчиков, которыми вложено порядка **4,9 млрд.** тенге, из них **13** информации о наличии признаков финансовой пирамиды (10,6 тыс. вкладчиков на **3,6 млрд** тенге) подтвердились, начаты досудебные расследования.

Справочно: в СЭР направлено 28 материалов на 18,5 тыс. вкладчиков с суммой ущерба 2,7 млрд тенге, в МВД – 5 материалов на 2,5 тыс. вкладчиков на сумму 2,2 млрд тенге.

С начала года в МВД поступило **66** информации в отношении финансовых организаций, возможно являющихся финансовыми пирамидами, по **9** из которых начаты досудебные расследования.

Профилактическая работа.

В целях пресечения незаконных действий в сети Интернет по инициативе Генеральной прокуратуры в 2017 году ТОО «Kazdream Technology» разработана информационная система «Кибернадзор» (далее – ИС).

Справочно: к системе подключены **185** сотрудников прокуратуры (ГП и территориальные прокуратуры), Комитета национальной безопасности (территориальные департаменты), Министерства внутренних дел и акиматов (**105** госорганов и организаций).

Функционал ИС обеспечивает отслеживание и блокировку противоправного контента, а также ведет статистику просмотров и повторных публикаций.

С июля 2020 года в ИС предусмотрена возможность выявления материалов, содержащих сведения с признаками деятельности финансовых пирамид.

На сегодня система заблокировала **52** ссылки с незаконной рекламой деятельности финансовой пирамиды, в адрес **9** интернет-ресурсов МИОР вынесено **6** предписаний с требованием удаления **39** публикаций.

Для выявления, пресечения и передачи материалов по финансовым пирамидам в правоохранительные органы по инициативе Генеральной прокуратуры (07.10.2020г.) при Агентстве по регулированию и развитию финансового рынка (совместно с НацБанком, АФМ, МФ, МИОР, МВД) создана межведомственная рабочая группа (далее – МВРГ).

В рамках МВРГ выработан механизм взаимодействия между госорганами и принятия мер по приостановлению деятельности организаций с признаками финансовой пирамиды, блокируются интернет-ресурсы, в СМИ проводится разъяснительная работа.

Это позволило пресечь деятельность **12** финансовых пирамид на начальном этапе (по ним начаты досудебные расследования).

Работа по противодействию финансовым пирамидам и незаконным финансовым операциям находится на постоянном контроле.

Генеральная прокуратура, приняв настоящий запрос к сведению, выражает готовность к дальнейшей совместной работе по укреплению законности и усилению защиты прав граждан.

Г. Нурдаулетов